

"Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 12 шілде N 333

"Алматы қаласында "Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамының базасында қазіргі заманғы теледидар зауытын жобалау мен салу жөніндегі халықаралық конкурс өткізу туралы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 қаңтардағы N 28 қаулысын орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осы заманғы радиоэлектронды және күрделі техникаларды өздеріміз өндіруді жедел дамыту, олармен рынокты молықтыру, олардың экспортын әуелетіп көтеру мақсатында :

1. "Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасындағы осы заманғы радиоэлектронды және күрделі тұрмыстық техникалар өндірісі жөніндегі базалық кәсіпорын деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамының инвестициялық жобасын 1996 жылға арналған басым мемлекеттік инвестициялық жобалардың индикативті тізбесіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі үш ай мерзім ішінде "Қазақ радиотехникалық зауыты" акционерлік қоғамының инвестициялық жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігіне берілген шетел кредит жүйелерін пайдалана отырып қаржыландыру жөнінде ұсыныс енгізсін.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.

Премьер - Министрдің

орынбасары